

1. Оқу пәнінің паспорты

Пәннің атауы «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері»

Таңдау бойынша пән

Кредит саны мен оқу мерзімі

Барлығы – 3 кредит

Курс: 1

Семестр: 2

Аудиториялық сабақтар – 45 сағат

Дәрістер – 30 сағат

Тәжірибелік – 15 сағат

МӨЖМ –90

Соның ішінде МӨЖ - 22,5

Еңбек сыйымдылығы барлығы – 135 сағатт

Бақылау формасы

Емтихан – 2 семестр

Пререквизиттер:

- Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік
- Қазіргі қазақ прозасы және поэтикасы

Постреквизиттер:

- Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері
- Қазақ әдебиеті мен түркі халықтары әдебиетінің байланысы

2. Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары

Аты-жөні: Баратова Мұхаббат Нұржауқызы

Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: ф.ғ.к., доцент, «Қазақ филологиясы» кафедрасында «А» корпусында (Ломов к-сі, 64) 356 аудиторияда орналасқан. Байланысу телефоны: Тел. (12-55) 356 кабинет

3. Пәні, мақсаты мен міндеттері

Пән: «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері»

Пәнді оқыту мақсаты: Магистрлерге филология ғылымының бүгінгі келелі мәселелерін жан-жақты талдау, түсіндірумен қатар, оларды соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу мақалалармен таныстыру, мәнді маңызды еңбектерді конспектілеу, бүгінгі әдебиеттану бағытын аңғартатын пікірлермен, негізгі идея, басты ағымдарды түсіндіру, өзара салыстыру, алда тұрған өзекті мәселелерді айқындау, зерттеудің жаңа әдістемелері мен әдіс-тәсілдерін іздестіру болып табылады. Сонымен қатар, магистрлерді

филология ғылымының өзекті мәселелерінен жан-жақты хабардар етіп қана қоймай, қиын де күрделі мәселелер туралы өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар беру болып табылады.

Пәннің міндеттері:

Филология факультетінің магистратура сатысында оқытылатын бұл курстың мазмұны бұрын бакалавр сатысында оқылған әдебиеттану пәндерін қайталау емес, соларды негізге ала отырып филологияның тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, қайшылығы мол әр-түрлі тұжырымдарды салыстыра қарастыру болып табылады. Бұрын үстірт қана айтылып кеткен әдебиеттанудың кейбір мәселелеріне енді бүгінгі ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға беріп, түбегейлі талдап, зерделеудің маңызы ерекше. Әлі күнге дейін баспа бетін көріп жарияланбаған, ғалымдардан өзіне тиесілі бағасын ала алмай келе жатқан тарихи мұраларымызбен әлі күнге дейін шығармашылық қасиеттері жете зерттелмей келе жатқан талант иелері туралы да осы курс аясында біршама ой толғап, практикалық сабақтарда талдау, зерделеу, сараптау.

4. Білімге, икемділік, дағды-машықтар мен құзіреттілікке қойылатын талаптар:

Осы пәнді меңгерген магистранттар білуі тиіс:

- Әдебиеттану мен фольклортанудың қазіргі аспектілерін;
- Қазақ әдебиеті мен тарихының көкейкесті мәселелерін;
- Шетел халықтары әдебиеті дамуының қазіргі тенденцияларын;
- Көркем жүйе динамикасын;
- Идиостиль және оның қалыптасу сатыларын;
- Мифтік бейне мен архетиптің мәселелерін;
- Метаәтін және көркемдік инвариантын;

Магистранттар істей білуі тиіс:

- Нарратология және дискурсивтік талдауды;
- Автор түсінігінің құрылымы, оның формаларының диалогтылығы, автор және кейіпкерді талдауды;
- Салыстырмалы-тарихи, типологиялық, салыстырмалы зерттеу, фольклор, қазақ және әлем әдебиетінің көкейкесті мәселелерін сараптауды.

Келесі тәжірибелік дағды-машықтарды алуға тиіс:

Магистранттар бұл курсты оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады.

5. Пәнді оқудың тақырыптық жоспары

Сабақ түрлері бойынша академиялық сағаттарды бөлу

№	Тақырып	Сағат саны			
		Дәр.	Тәж	МӨ ЖМ	МӨЖ
1	Қазіргі әдебиеттану ғылымы және оның даму бағыттары	2	1	1	5
2	Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары	2	1	2	5
3	Әдебиет тарихы алдындағы жаңа міндеттер	2	1	1	6
4	Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері туралы қазіргі ой-пікірлер	2	1	2,5	6
5	Қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттары	2	1	1	6
6	Әдебиет және қоғамдық сана өзгерістері	2	1	2	6
7	Әдебиет және беллетристика	2	1	1	6
8	Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері	2	1	2	6
9	Әдеби шығармашылық психологиясы	2	1	2	5
10	Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері	2	1	1	5
11	Көркем әдебиеттің әлеуметтік сипаты	2	1	1	7
12	Суреткер таланты туралы ғылыми пайымдаулар	2	1	2	7
13	Дәстүр және жаңашылдық	2	1	1	6
14	Төңкерісшіл ақын-жазушылар туралы бүгінгі көзқарас	2	1	1	7

15	Көркем шығармашылықтағы әдеби сынның ролі. Қазіргі әңгіме жанрының даму ерекшеліктері	2	1	1	7
Барлығы: 135 (3 кредит)		30	15	22,5	90

6. Қолданылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Негимов С .Таным мен пайым. Алматы: Арыс, 2009. -240 б.
2. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. Алматы, 2009 ж.
3. Сәтбаева Ш.К. . Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2010 ж. -567 б.

Қосымша:

4. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Алматы, 2001.
5. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. А., 2000.
6. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2001.
7. Савельева В. Художественный текст и художественный мир. А., 1996.
8. Хализев В. Теория литературы. М., 1999.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер Алматы, 2003
10. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-ЖүсіпКөпеев шығармаларының тілінің кейбір мәселелері. Павлодар: 2002 ж. -238б.
11. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001 ж